



## ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасы, ғалымның ізбасарлары



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасы, ғалымның ізбасарлары

Бұл дәрісте С.Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасына егжей-тегжейлі тоқталатын боламыз. Көптеген ғалымдардың зерттеулері ойлау мен сөйлеудің, жалпы бала дамуы мәселелерінің теориялық негізін жасауға, олардың әдістерін қалыптастыруға зор үлесін қосқан. Біз бала эгоцентризмі тұжырымдамасын алдыңғы дәрістерде қарастырдық, Біздің міндетіміз Выготский Лев Семеновичтің кітабындағы құнды материал мен алғашқы жалпылауларды оқырманның жеңіл түсінуіне көмектесу болып табылады. Ол үшін бізге Выготский зерттеулерінің әдіснамалық жағын қарастырып, оның сыни тұрғыда айтқан көзқарастарына ерекше тоқталу да маңызды.

Сонымен қоса бұл дәрісте Лев Семенович Выготскийдің ізбасарлары туралы қызықты фактілерге де тоқталып, Выготский ілімін жалғастырушы ғұламалар туралы да сөз қозғайтын боламыз.

Выготский Лев Семенович өз сынының негізгі идеясы ретінде психоанализ бен ойлаудың екі түріне қатысты сұрақ дұрыс қойылмаған деген мәселені қояды. Оның пікірінше, қажеттіліктерді өмір жағдайына бейімделуге қарсы қоюға болмайды. Баланың ойын өзінің ішкі қажеттіліктерін өтеу ме, немесе объективті шынайы дүниеге бейімделу қозғайды ма деп сұрауға болмайды, өйткені қажеттілік түсінігінің мазмұнын даму теориясы тұрғысынан ашқанда, түсініктің өзі қажеттілік ақиқат дүниеге белгілі бейімделу жолымен қанағаттандырылады деген пікірді қамтиды. Осы ретте Выготский Э.Блейлердің зерттеуін келтіреді. Э.Блейлер нәрестенің қажеттілігі оған тамақ елестегенде емес, керісінше бала тамақтанған соң ғана өтелетіндігін өте сенімді келтірген. Сол сияқты, жасы үлкендеу бала да шынайы алманы елес түрінде қабылдаса, ол өз қажеттілігін шынайы дүниеге бейімделу үшін ұмыт қалдырғаны емес, оның ойлауы мен іс-әрекеті қажеттілігіне негізделгендіктен деген ойды айтады. Лев Семенович өз еңбегінде негізінде бейімделудің үшін шынайы дүниеге бейімделу ағза мен жеке тұлғаның қажеттілігінен тәуелсіз болмайды. Ақиқат дүниеге бейімделу де қажеттілік арқылы бағытталады. Бұл көптеген ғалымдар қарастырып отырған теориядан түсініксіз жағдайлармен бөлініп қалған триюизм болып келеді дейді автор.

Тамаққа, жылуға және қозғалысқа деген қажеттіліктер, ішкі қажеттіліктерді қанағаттандырушы ойлаудың бір түрінің ақиқат дүниеге бейімделу қызметін атқаратын ойлаудың екінші түріне қарама-қарсы тұруы барлық мағынасынан айырылу мен ақиқат дүниеге бейімделу процесін бағыттайтын қозғаушы күш емес. Қажеттілік мен бейімделуді бір-бірінен ажыратпай қарау керек. Өмірдегі өтелмеген ұмтылыстарын қиял, елес түрінде қанағаттандыруға ұмтылатын дамыған аутистикалық ойлауда байқалатын ақиқат дүниеден бөлініп (шектеліп) қалу да дамудың соңғы нәтижесі болып келеді. Аутистикалық ойлаудың пайда болуы реалистік ойлау мен оның негізгі себепшісі ұғымдық ойлаудың дамуына байланысты дейді Выготский. Солай дей келе Пиаже Фрейдтен тек қана қанағаттану принципі шынайылық принципінен бұрын жүреді деген жобаны ғана алып қоймайды, сонымен бірге қызметтік және биологиялық бағыныңқы кезеңнен дербес витальды бастама ргітит movens — бүкіл психикалық дамудың алғашқы қозғаушы күшіне ауысатын қанағаттану принципінің бүкіл метафизикасын да алған деген түйінге келеді.

Логикалық шарасыздықтан, қанағаттану мен қажеттілікті ақиқат дүниеге бейімделуден бөліп алып және метафизикалық бастама дәрежесіне енгізе отырып, Пиаже ойлаудың реалистік ойлау деп аталатын басқа түрін — шынайы қажеттіліктерден, тілектер мен ниеттерден босатылған «таза ойлау» ретінде ұсынған. Бірақ бейімделусіз қажеттілік жоқ сияқты, табиғатта да мұндай ойлау жоқ, оларды сондықтан бір-бірінен бөліп тастап, біріне-біріне қарама-қарсы қоюға болмайды, міне, сол сияқты балада да қажеттілік, қызығушылық пен ниеттерден бөлініп қалған, тек шындық үшін ойлау да жоқ деген өз пікірін алға тартады.

Выготский «жеке заттарға адам ақылының ықпалы, одан түсінік алу қарапайым, тікелей, айнадағыдай акт емес, ол өмірден қиялдың аласталу мүмкіндігін алып жүретін иректі, күрделі және қосарлы акт, тіпті ол абстракты түсінік пен идеяның (адам ұғына алмайтын өзгеру) қиялға айналу мүмкіндігі» дейді. Өйткені қарапайым жалпыланудың өзінде, қарапайым жалпы идеяда қиялдың арнайы бөлігі бар. Өзінің даму барысында қиялдау мен ойлау бір-біріне қарама-қарсы, олардың бірлігі адам құраған алғашқы түсінік пен алғашқы жалпылауда жатыр деген ойды одан әрі тереңірек және ашық көрсетуге болмайтынын ерекше атап өтеді. Аутизмді бала ойлауының басына қою керек емес, оның соңынан құрылатындығына және оның ойлаудың дамуындағы қарама-қарсылықтардың бір шегі ретінде түсінуге күмән қалмайды.

Выготский өз тәжірибесінде оның зерттеу теориясы тұрғысынан тағы бір маңызды кезеңді атап өткен. Баланың эгоцентрлік сөйлеуінің ақиқат дүниеден, баланың тәжірибелік іс-әрекетінен, оның шынайы бейімделуінен бөлінбегендігін айтады. Выготский бұл сөйлеу түрінің баланың ақылды іс-әрекетінің қажетті құрамды кезеңіне кіретінін, алғашқы мақсатты әрекеттерде ақылдан орын алып, өзі жетіліп және баланың одан да күрделі іс-әрекетінде жоспар мен ниеттердің құрылуына қызмет жасай бастайтындығын байқаған. Іс-әрекет, тәжірибе — міне, айдың екінші беті сияқты, бақылаушылар назарынан тыс қалып жататын бала ойлауының дамуының мүлдем жаңа қырлары мен бала эгоцентрлік сөйлеуінің қызметін



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасы, ғалымның ізбасарлары

толық ашатын жаңа кезеңдер — осылар деген қорытындыға келеді.

Тағы бір ерекше тоқталатын мәселе, Ж.Пиаже заттар баланың ақылын шындамайды дейді. Алайда Выготский баланың эгоцентрилік сөйлеуі баланың тәжірибелі іс-әрекетіне және баланың ойлауына байланыста болған жағдайларда, заттардың шынымен де баланың ақылын шындайтыны жайлы кері көзқарас ұсынған. Ол заттар — өзгермелі көзқарас тұрғысынан танылмайтын, баланың қабылдауында енжар бейнеленбейтін және өзінің тәжірибесінде кездесіп отыратын шындық дейді. Бұл жаңа кезең, бала ойлауы дамуындағы ақиқат дүниенің тәжірибесі мен алатын орны туралы мәселе бәрін түгелдей өзгертеді. Выготский сол кездегі психологияға, оның ішінде балалар психологиясына жүгіну арқылы соңғы кездегі психологияның дамуын анықтайтын жаңа тенденцияны ашқанын байқауға болады.

Выготский Пиаже өте жүйелі баяндаудан, әсіресе балалар психологиясы шегінен тыс барлық жалпылаулардан принципті түрде қалыс қалады деген ойды айтады. «Оның ниеті», — дейді «тек фактілердің талдауымен шектелу және осы фактілердің философиясына егжей-тегжейлі үңілмеу» деу сенімділікпен айтады. Әрине, ғалым логика, философия тарихы мен таным теориясының бала логикасының дамуына байланысты екенін мойындауы тиіс. Себебі оның ерікті немесе еріксіз түрде болсын, түбіне жетуі қиын философияға келгенде ойының бағытын таңғаларлық жүйелілікпен үзіп тастап отырса да, осы күрделі аймақтағы бірқатар мәселелерді қозғауына тура келеді дейді автор. Э.Клапаред Пиаже туралы былай деген екен: «психологиялық фактілерге әуестікке жеңдірген табиғат биолог-натуралисі, барлық табиғи-ғылыми ойлау принциптерін меңгерген адам, өз материалдарын сөйлете білу қабілетіне ие, яки материалдардың не айтатындығын тыңдай білген, сондай-ақ философиялық мәселелерден хабардар ғалымдардың бірі ретінде атап өтеді. «Оған әрбір қараңғы бұрыш, ескі логиканың, оқулықтар логикасының торы мәлім. Ол толығымен жаңа логиканы қолдайды, ол таным теориясының ең нәзік мәселелерінен хабардар, бірақ осы әр қилы салалардағы керемет білімі оған тәуекел талқылау жасатпауымен ғана қоймай, керісінше, психологияны философиядан бөліп тұратын шекараны анық белгілеуге және ала алмайтын шекараның міндетті түрде сол жағында қалуға мүмкіндік береді. Оның еңбегі таза ғылыми» деген екен. Выготский Клапаредтің осы соңғы пікірімен келіседі. Ол өз пікірін қуаттау үшін былай дейді: «Пиаже істің мәні бойынша философиялық құрылымдардан қашқақтай алмады, себебі философияның болмауы дегеніміз де нағыз айқын философия болып табылады. Бүгіндей таза эмпиризмнің шегінде қалу әрекеті Пиаже зерттеушілеріне тән белгі. Өзін қандай да бір қате философиялық жүйемен байланыстырудан қорқу — біздің басты және негізгі белгілерін ашқымыз келіп отырған, арнайы философиялық дүниетанымның симптомы болып табылады» дейді автор.

Эгоцентризм, еріксіз көндіру, серіктестік — міне, осы үш бағыттың арасында баланың дамып келе жатқан ойлауы үздіксіз тербелісте болады және аутистикалық болып қала ма әлде қоғамның қандай да бір басқаша ұйымдастырылуына ене ме — бәрібір ересек адамның ойлауына байланыста қала береді. Пиаже идеясындағы үстемдік осында. Пиаже теориясында бала ойлауы дамуына әлеуметтік және биологиялық фактордың қандай қатысы барлығын қарастыру Выготскийдің алға қойған міндеттерінің бірі болған. Оның теориясындағы осы мәселенің маңыздысы — биологиялық пен әлеуметтіктің арасындағы айырмашылық. Биологиялық — баланың психологиялық түпнегізін құрайтын, алғашқы, бастапқы сияқты ойланады. Әлеуметтік — балаға тән және баланың ішкі табиғатына сай ойлау тәсілдерін итермелеуші, балаға қатысы жоқ күшті итермелеу арқылы әрекет жасайды және баланың ойлау тәсіліне сәйкес келмейтін, оған сырттан әсер ететін ойлау нұсқасымен ауыстыру арқылы әрекет жасайды.

**Әлеуметтік ортаның бала дамуына тигізетін әсерін көрсету кезінде еңбекте жиі кездесетін екі сөз — еріксіз көндіру мен қысым сөздері.** Выготский Пиаженің осы әсерлер процесінің үндестігін ұқсастыруы мен осы құбылыстың үндесуін, яғни мәнін өзгерткенін және оның өзінің түпнегізіне енуін зерттегенін айтады. Бірақ ересек адамның ойлауымен салыстырғанда, сапалы өзгешелігін құрайтын бала ойлауына тән құрылым мен жұмыс істеу баланың психикалық түпнегізі — аутизм арқылы, яғни бала табиғатының биологиялық қасиеттерімен анықталатынын айтады. Бала әлеуметтік тұтастылық бөлігі, қоғамдық қарым-қатынастар субъектісі, өзі жататын қоғамдық өмірге бірінші күнінен бастап араласушы ретінде қарастырылмайды. Әлеуметтік — баладан тыс, балаға қысым көрсетуші әрі оған тән ойлау тәсілдерін итеріп шығарушы бейтаныс және алыс күш ретінде қарастырылады.

Э.Клапаред өзінің алғы сөзінде Пиажеге тән көкейтесті ойын жақсы көрсете білді. Оның пікірінше, Пиаженің зерттеуі баланың ақылын мүлдем жаңа түрде көзге елестеді дейді. «Ол баланың ақылын бірінің үстіне бірі орналасқан әр түрлі станокта бір мезгілде тоқу үстінде көрсетеді. Баланың өмірінің алғашқы жылдары төменгі жазықтықта жүргізген жұмысы өте маңызды. Бұл — өзінің айналасына



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасы, ғалымның ізбасарлары

оны қажеттіліктерін қанағаттандыратын барлық қажеттіліктерді ретсіз тартуы мен кристалдандыруы — баланың өз ісі. Мұны З.Фрейд субъективтіліктің, ниеттер мен ойын- дардың және еркеліктердің жазықтығы деп айтар еді деген қызықты пікір қалдырған. Жоғары жазықтық, керісінше, әлеуметтік ортаның әсерінен бірте-бірте қалыптаса бастайды, бала оның қысымын біртіндеп жақсы сезіне бастайды деп автор ғалымның сөзін қуаттайды.

Бұл — объективтіліктің, сөйлеудің, логикалық тұжырымдамалардың жазықтығы, яғни бір сөзбен айтқанда — шынайылық, Бұл жоғары жоспар басында өте нәзік. Оған көп міндет жүктей бастағанда-ақ, ол майысады, шытынайды, опырылады, элементтері соңғы төменгі жазықтыққа жататын элементтермен алмасады да, соған құлайды, кейбір бөліктері жер мен аспанның арасында жарты жолда қалып қояды. Осы екі жазықтықты көрмеген және ойын бір ғана жазықтықта жүреді деп ойлаған бақылаушының шатасу әсерін сезінуі түсінікті, өйткені бұл екі беткейдің өз логикасы бар және әрқайсысын басқа жазықтық логикасымен бірік- тіргенде байбалам салады». Пиаже теориясы бойынша, бала ойлаушының өзгешелігі — оның ақылының екі станокта бірдей тоқуы және субъектілік, тілектер мен еркеліктер жазықтығында тоқитын бірінші станоктың, баланың өзінің ісі болғандықтан, маңызды болып келетіні байқалады. Егер Пиаже мен Клапаред Фрейдтің есімі мен қанағаттану принципін атамаса да, біздің алдымызда бала ойлаушының өзгешелігін оның табиғатының биологиялық ерекшелігінен шығаруға тырысқан таза биологиялық тұжырымдама екендігіне ешкімнің де күмәні қалмас еді.

### **Выготский ілімін жалғастырушылар.**

Выготский ілімін жалғастырушы ізбасарлары туралы сөз қозғағанда, тарихта «Выготский ортасы» деген ұғымның бар екенін атап өту керек. Бұл Лев Семеновичтің Гомельден Мәскеуге көшіп келген кезде 1924 жылы қалыптасты. Онда психология институтында оқыған аспиранттар, атап айтсақ Л. В. Занков, И. М. Соловьев, Л. С. Сахаров, А. Р. Лурия Выготскиймен бірлесіп жұмыс істей бастайды. Осы ретте ойлау дамуындағы мәдени тарихи теорияның негізі қаланған еді.

1931 жылы «Выготский ортасы» Мәскеу психологтарының тобы украин психоневрологиялық академиясының психологиялық секторында ғылыми жұмысты ұйымдастыруға жәрдемдесу үшін Харьковқа уақытша көшіп келеді. Бастапқыда психология секторының базасында құрылған Академия жанында болады. Көп ұзамай психология институты құрылады деп болжанған, бірақ бұл жоспар солай іске аспады.

Р. Лурия психология секторының директоры ретінде бүкіл жобаның ресми жетекшісі, М. С. Лебединский клиникалық психология бөлімінің меңгерушісі және А. Н. Леонтьев генетикалық психология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. Сондай-ақ көп уақыт өтпей Мәскеуден Харьковқа А. В. Запорожец пен Л. И. Божович көшіп келеді. Сөйтіп «Выготский ортасы» біртіндеп өсе береді. 1934 жылы Выготский дүниеден өткеннен кейін де бұл ынтымақтастық Лурияның басшылығымен жалғасын тауып жатады. Ал 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін топ мүшелерінің арасындағы байланыс ішінара жоғалып, ғалымдар тобы ыдырап кетеді.

«**Выготский шеңбері**» топтық динамика принципі бойынша құрылды, онда ортақ проблемаларды шешу және ұжымдық шешімдер қабылдау үшін пікірлес ғалымдар тобы құрылады. Қатысушылар арасындағы сындарлы диалог нақты пайымдаулар мен білім жүйесін қалыптастыруға әсер етеді. Топ жұмысы әлеуметтік және тұлғааралық қатынастар теориясына, эмпирикалық ғылыми зерттеулер тәжірибесіне қатысты. «Выготский ортасы» жұмысының арқасында психологиядағы жаңа бағыт — мәдени-тарихи психология дамыды. Соғысқа дейінгі кезеңде топ қатысушылары неміс-американдық гештальт-теорияның теориялық құрылыстарымен Выготский-Лурияның «инструменталды» психологиясының идеяларын синтездеуді бастады, бірақ қандай да бір себептермен бұл жұмыс 1940 жылдардың басында үзілді.

Выготский ізбасарларының ішінде Александр Романович Лурияның ғылыми еңбектері өте құнды. Лурия кеңестік психолог және невропатолог дәрігер, нейропсихологияның негізін қалаушылардың бірі, Л.С.Выготскийдің ілімін жалғастырушы, «Выготский ортасының» көшбасшыларының бірі болған.

Профессор, педагогика ғылымдарының докторы, медицина ғылымдарының докторы, Педагогикалық Ғылымдар Академиясының толық мүшесі өзінің ғылыми және педагогикалық қызметімен кеңінен танымал болған кеңестік психологтардың қатарына жатады.

Л. С. Выготскийдің идеяларына сүйене отырып, Лурия психиканы дамытудың мәдени-тарихи тұжырымдамасын әзірледі. Осы негізде жоғары психикалық функциялардың жүйелі құрылысы идеясын,





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты ғылыми теорияларға сыни көзқарасы, ғалымның ізбасарлары

олардың өзгергіштігін, икемділігін дамытып, қалыптасуының жан-жақты сипатын, олардың әртүрлі қызмет түрлерінде жүзеге асырылуына қатысты негізгі ойларды тұжырымдады. Психикалық дамудағы тұқым қуалаушылық пен тәрбиенің өзара қарым-қатынасын зерттеді. Осы мақсатпен дәстүрлі түрде қолданылған әдістерді пайдалана отырып, оған елеулі өзгерістер енгізді, егіздердің бірінде психикалық функциялардың мақсатты қалыптасу жағдайында балалардың дамуына қатысты эксперименттік-генетикалық зерттейді. Соматикалық белгілер генетикалық, қарапайым психикалық функцияларға аз дәрежеде байланысты екенін көрсетті. Ал жоғары психикалық үдерістерді қалыптастыру үшін (ұғымдық ойлау, мағыналық қабылдау және т. б.) тәрбие жағдайы шешуші мәнге ие деген ойды тұжырымдады.

Дефектология саласында кемтар балаларды зерттеудің объективті әдістерін дамытты. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды кешенді клиникалық-физиологиялық зерттеу нәтижелері педагогикалық және медициналық практика үшін маңызды өзгерістер алып келді.

Лурия сол кездегі жаңа ғылыми бағыт — қазіргі кезде психологиялық ғылымның арнайы саласына бөлінген және халықаралық мойындалған нейропсихологияның негізін салған ғалым. Нейропсихологияның дамуы мидың жергілікті зақымданулары бар науқастарда, атап айтқанда жарақаттану нәтижесінде ми механизмдерінің зерттеуімен басталды. Жоғары психикалық функцияларды оқшаулау проблемасына жаңа көзқарас жасады. Оған сәйкес «жоғары психикалық функциялар күрделі функционалдық жүйелер ретінде ми қыртысының тар аймақтарында немесе оқшауланған жасушалық топтарда оқшаулануы мүмкін емес, олардың әрқайсысы күрделі психикалық процестерді жүзеге асыруға өз үлесін қосатын және мүлдем әртүрлі, кейде бір-бірінен алыс орналасқан ми учаскелерінде орналасуы мүмкін» екендігін айтқан. Лурия психикалық үдерістерді динамикалық оқшаулаудың негізгі принциптерін қалыптастырды, афазиялық бұзылыстардың жіктелуін жасады және сөйлеу бұзылуының бұрын белгісіз түрлерін сипаттады, психикалық үдерістерді реттеуде мидың алдыңғы бөлігінің рөлін, есте сақтаудың ми механизмдерін зерттеді.

Лурия жоғары халықаралық беделге ие болды, АҚШ Ұлттық Ғылым академиясының, Америка ғылым және өнер академиясының, американдық Педагогика академиясының мүшесі, сондай-ақ бірқатар шетелдік психологиялық қоғамдардың (Британдық, француз, швейцария, испан және т.б.) құрметті мүшесі болды. Ол бірнеше университеттердің құрметті докторы болды: Лейстера (Англия), Люблина (Польша), Брюссель (фр. (Бельгия), Тампере (Финляндия) және т.б. Оның көптеген жұмыстары шет елдерде аударылған және басылып шығарылған. Нейропсихология бойынша еңбектері үшін М. В. Ломоносов атындағы I дәрежелі сыйлықтың лауреаты (1967).

Ең алғашқы дәрісте Выготскийдің қолжазбалар мен жазбалардың бір бөлігі ғалымдар үшін ыңғайлы ракурстарда түсіндіріліп келгенін, соның салдарынан кейбір қателіктер, кірістірмелердің туындағаны туралы, психологияда психологиялық тәжірибедегі жағымсыз үрдістің қалыптасқаны туралы айтқанбыз. Бұл уақытта оқырмандардың қызығушылығы төмендейді, бастапқы мәтіннің орнына дәйексөздер мен іріктемелерге жүгіну танымал болады. Бұл үрдіс Выготскийдің ғылыми мұрасын түсінудегі қателердің артуына әкелді. Выготский дүниеден өткеннен кейін оның ғылыми мұрасы еленбей келді, тек оншақты жылдар өткеннен кейін ғана пікірлер, естеліктер және жорамалдар жинағы ретінде қайта жанданды. Выготскийдің психологиялық теорияларын түсінудің дәстүрлі түрде белгіленген және априори қабылдаған тәсілдерінің қатары оның шәкірттері мен ізбасарларының түсіндіруімен көрсетіледі. Осы тұрғыдан «Выготский ортасына» қатысушы ғалымдардың орасан зор еңбегін айта кету керек.

«Выготский шығармаларының толық жинағы» атты ерікті, коммерциялық емес ғылыми-баспа жобасын дайындау барысында Выготскийдің бірқатар мәтіндері алғаш рет оқырмандардың кең ауқымына еркін, қол жетімді болып жетті. Сонымен бірге цензурадан тазартылған, редакторлық араласулар, бұрмалаулар және кейінгі кеңестік басылымдарда көп кездескен бұрмалануларсыз жарық көрді. Бұл еңбек Выготский-Лурия ортасының қатысушылары мен психологиялық теориясының текстологиясы, тарихы, теориясы және әдіснамасы мәселелері бойынша сыни зерттеулер мен ғылыми мақалалармен толықты.

## Қосымша әдебиет:

Выготский Л. С. Ойлау және сөйлеу. Изд. 5, испр. — «Лабиринт» Баспасы, М., 1999.